

"Қазақстан Республикасының ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы 1992 жылғы 23 маусымдағы N 1408-XII

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы жарияланған кезінен бастап күшіне енгізілсін.
2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:
Қазақстан Республикасының ішкі әскерлерін қаржы,

материалдық-техникалық және әлеуметтік-тұрмыстық жағынан қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдансын;

Қазақстан Республикасының заң актілерін осы Заңға сәйкес келтіру туралы ұсыныс әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына енгізсін;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін "Қазақстан Республикасының ішкі әскерлері туралы" Заңға сәйкес келтіретін болсын.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы